

«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша
Макинск қаласы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ білім беруді
дамытудың **2020 – 2025 жылдарға арналған**
БАҒДАРЛАМАСЫ

1-бөлім. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Білім беруді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы; "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019

	жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша Макинск қаласы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша Макинск қаласы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Бағдарламаның мақсаты	1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.
Міндеттері	1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту. 2. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. 3. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 4. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. 5. Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.
Іске асыру мерзімдері	2020 – 2025 жылдар
Нысаналы индикаторлар	1. 5-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 85,3 %, 6(7) жас аралығындағы балаларды 100 % қамту..
Қаржыландыру көздері және көлемі	2020 – 204 млн. теңге 2021 – 218 млн. теңге 2022 – 233,26 млн теңге 2023 – 249 млн теңге 2024 – 266,43 млн. теңге 2025 - 285,08 млн.теңге

2-бөлім. Кіріспе

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аяқталуына байланысты және 2018 жылға Жалпыұлттық жоспардың 29 тармағын (2018 жылға қазанның 12-сіндегі №772 Президенттің Үкімі, 2019 жылғы қыркүйектің 10-ындағы №152 Президенттің Үкімі), Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында (2019 жылға қарашаның 27-сіндегі №988 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы), Макинск №5 орта мектебі КММ білім беруді дамытудың бағдарламасын әзірледі.

Мектепте білім саласының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтер цифрландырылды. Білім саласындағы ақпараттар педагогтер, ата-аналар, оқушыларға қол жетімді әрі ақпарат беру мақсатында мектеп сайты, фейзбук, инстаграмм әлеуметтік желілерде жүйелі жарияланып отырады.

3-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасын іске асырудың қорытындысы бойынша мектепте қойылған мақсаттар 100% орындалғанын көрсетті. 2019 жылға дейін 5 нысаналы индикаторға қол жеткізу жоспарланған. Бағдарламаның 3 нысаналы индикаторын іске асыруға әкімшілік, әлеуметтік-психологиялық қызмет жауапты болған, барлығы да толық көлемде орындалды:

- «Орта білім беруде жаңартылған оқу мазмұнына барлық сыныптарды көшіру» (100%)

-«Өмірлік қиын жағдайдағы балалардың үлесі» (100%)

-« 5-6(7) жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқумен қамтылу үлесі» (100%).

Педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту

Білім беру мекемесінде 68 педагог жұмыс істейді, Олардың 58-і жоғары білімді(85,2%), арнаулы-орта білімді педагогтер саны 10 (14,7%). Олардан жоғары және бірінші санатты педагогтер саны- 8 (11,7%) .

2018 жылдан бастап педагогтерді аттестациядан өткізу форматы өзгерді.Аттестация қорытындысы бойынша:

Педагог-зерттеуші- 15 (22%)

Педагог-сарапшы– 15 (22%)

Педагог-модератор – 15 (20,5%).

2016-2019 жылдар аралығында жаңартылған білім мазмұнын бойынша

- 63 педагог (93%) өтті.

Біліктілік арттыру курстарының қорытындысы бойынша 4 тренер, 2 критериалдық бағалау бойынша үйлестіруші курстан өтті . « Қашықтан білім беруді үйренемін» онлайн оқыту курсынан 63 педагог (93%)өтті. Мұғалімдерді курстық қайта дайындықтан өткізуді қамтамасыз ету бойынша сұрақтар аудандық Білім бөлімімен және жетекші мектеп ретінде Көкшетау қаласындағы ІШО-мен , «Өрлеу»БҚБАО»-мен тығыз байланыс жасай отырып шешіледі.

№	Параметрлері	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Барлық педагог қызметкерлер	73	73	63	61
2	Біліктілік санаты				
	жоғары	8	9	3	3
	бірінші	30	32	14	15
	екінші	24	24	11	12
	санаты жоқ	11	8	9	10
	Педагог-зерттеуші			8	8
	Педагог-сарапшы			8	8
	Педагог-модератор			5	5
	жоғары және бірінші санаттың пайыздық үлесі	52%	56%	52, 3%	55,7 %
3	Білімі				
	жоғары	62	62	56	55
	Арнаулы орта	11	11	7	6
	Аяқталмаған жоғары	-	-	-	-
4					
	3 жылға дейін	8	6	7	5
	3 жылдан 8 жылға дейін	11	13	12	11
	9 жылдан 16 жылға дейін	24	21	18	18
	17 жылдан 20жылға дейін	7	9	11	11
	21 –ден жоғары	23	24	16	16

Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайларын жақсарту

Балалардың, оның ішінде өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтарының бұзылуына уақтылы ден қоюдың жеткілікті дамымаған жүйесі, білім беру ұйымдарының едәуір бөлігінде инклюзивті білім беру және қарапайым ыңғайлылық үшін жағдайлардың болмауы балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне қауіп төндіреді.

2013 жылдан бастап мектеп инклюзивті білім беру бойынша тірек мектеп болып саналады. Инклюзивті білім беру бойынша курстан педагогтердің 82,3% курстық дайындықтан өтті. Инклюзивті білім беру бойынша аудан мектептерімен жүйелі тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылады. Үйлестіру Кеңесі және мектептің ПДПК отырысы тұрақты өткізіледі.

Сонымен бірге облыстық ПДПК оқушылардың тексерістен өткізіп, педагогтерге, ата-аналарға кеңес беруге шақырылады.

Инклюзивті білім беруге келесі жағдайлар жасалды:

- үйде тегін білім берумен қамтамасыз етілген оқушылар ПДПК ұсынысы бойынша компьютерлік құралдармен қамтамасыз етілді;

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға еркін қолжетімділік қарастырылған;

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға дәретханалық бөлме қарастырылды;

Инклюзивті білім беру

	2016 – 2017	2017 – 2018	2018 - 2019
Қазақ тілінде оқитын сыныптарда	13	19	22
Орыс тілінде оқитын сыныптарда	41	51	44

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар 66 оқушы оқиды.

Олардан мүгедектік туралы анықтамасы бар оқушылар – 9

Үйде оқитын оқушылар – 6

Түзету – дамыту сыныптарында білім алатын оқушылар - 11

Жалпы сыныпта отырған инклюзивті білім беретін оқушылар – 27

Бастауыш сыныптарда инклюзивті білім беретін оқушылар - 21

Жеке және сараланған оқытуды қажет ететін оқушылар – 38

1 типтегі арнайы бағдарламамен білім алатын оқушылар - 9

2 типтегі арнайы бағдарламамен білім алатын оқушылар – 8

2021 жылы қыркүйекте ИҚК ашу жоспарланып отыр. (Инклюзивті қолдау кабинеті)

Дәретханалар ұл, қыздарға жеке мектеп ішінде орналастырылған, су жүйесі орталықтандырылған, мектеп бейнекамерамен қамтылған.

2016-2017 оқу жылында 6 оқушы болды, 2 отбасы қиын өмірлік жағдайы бар отбасы ретінде есепте тұрды. Бұл отбасыларда жұмысқа орналасуда қиындықтар бар, сондай-ақ авариялық тұрғын үй бар.

2017-2018 оқу жылында 14 бала қамқорлықта болды, оның ішінде 1 бала патронаттық тәрбиеде, 2 отбасы өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасы ретінде, ата-анасының екеуінің де жұмысының болмауына және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болуына байланысты есепте тұрды.

2018-2019 оқу жылында 15 оқушы қамқорлықта болды, олардың 1-і патронаттық тәрбиеде, 2 отбасы өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасы ретінде, ата-анасының екеуінің де жұмысының болмауына және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болуына байланысты есепте тұрды.

2019-2020 оқу жылында 12 оқушы қамқорлыққа алынды, оның ішінде 1 оқушы патронаттық тәрбиеде. Қиын өмірлік жағдайы бар отбасылар бақылауда тұрған мектептер жоқ.

2016-2017 оқу жылында Бұланды АПБ-да 8 оқушы есепте тұрды.

2017-2018 оқу жылында Бұланды АПБ-да 6 оқушы есепте тұрды. 2 оқушы мерзім өткеннен кейін алынып тасталды.

2019-2020 оқу жылында Бұланды АПБ-да 5 оқушы есепте тұрды. 1 оқушы мерзім өткеннен кейін алынып тасталды.

Мектепті бес жылға дамыту жоспарының басында қойылған мақсаттарға ішінара қол жеткізілді. Бұланды АПБ-нің барлық балалары есептен шығарылған жоқ. Қиын өмірлік жағдайға тап болған және мектептің бақылауында тұрған отбасылар жоқ.

Жазғы демалыс кезеңінде, 2016-2017 оқу жылында мектеп жанындағы алаңдарда балаларды қамту: 33%

1 маусым - 60 оқушы

2 маусым - 72 оқушы

3 маусым - 64 оқушы

2017-2018 жылдары мектеп жанындағы алаңдарда балаларды қамту келесі:

1 маусым-81 оқушы

2 маусым - 87 оқушы

3 маусым - 83 оқушы

Маусым	2016-2017	2017-2018	2018-2019
1 маусым	60	81	-
2 маусым	72	87	-
3 маусым	64	83	-
Барлығы	196	251	-
	33%	43%	-

2018-2019 жылдары жөндеу жұмыстарына байланысты мектеп жанындағы алаңдар жұмыс істемеді.

Барлығы мектеп оқушыларының 76%-ы (оның ішінде аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) демалыспен және жазғы жұмыспен қамтылды.

Жергілікті бюджеттен БСО-ға көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына жолдамалар бөлінді, оларға 8 оқушы жіберілді.

2016-2017 жылы мектеп базасында жалпы қамтылған (1-4 сыныптар, 196 оқушы) мектеп жанындағы балалар алаңдары ашылды, тілдік алаңдарда 196 оқушы қамтылды. 2017-2018 жылы мектеп базасында жалпы қамтылған мектеп жанындағы балалар алаңдары ашылды (1-4 сыныптар 251 оқушы), тілдік алаңдарда 251 оқушы қамтылды.

Жазғы кезеңде балаларды жұмыспен қамту бойынша қойылған мақсаттарға ішінара қол жеткізілді. Мектеп жанындағы алаңдарда оқушылардың сабаққа қатысуы 100 пайыз болған жоқ, 2016-2018 жылдар кезеңінде мектеп жанындағы алаңдарда балалардың сабаққа қатысуы 10% - ды құрады.

Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалау жүйесін жетілдіру

Жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енгізілді, мектеп оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу бағдарламасына сай 2016 жылы 1-сынып оқушылары бес күндік оқу аптасына көшірілді, 2017 жылдан бастап 2-11-сынып оқушылары да толық көшірілді. Бес күндік оқу аптасына көшіру бойынша жоспар 100% орындалды.

Орта білім беруде жаңартылған оқу мазмұнына 2019 жылы 4,9,10 сыныптар көшсе, 2020 жылдан бастап 11 сынып оқушылары жаңартылған білім беру мазмұнына көшті. Мектепте 1 -11 сыныпта білім алатын барлық

595 білім алушы 100% жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім алады.

2017 жылдан бастап ЖМБ (химия, биология) пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру жұмыстары басталды. Бүгінгі күні екі педагог ағылшын тілінде сабақ өткізеді. Жанбуршинов Рашид Кенжебаевич - химия пәнінің мұғалімі, 9-сыныпта химия пәнін ағылшын тілінде өткізеді (С-1), Пилипенко Людмила Сергеевна - биология пәні мұғалімі - факультативті ағылшын тілінде өткізеді (С-1).

Оқу кезеңдері бойынша 3 жылға білім сапасының көрсеткіштері

Оқу кезеңдері	2016 – 2017 оқу жылы			2017 – 2018 оқу жылы			2018 – 2019 оқу жылы		
	Оқушы саны %			Оқушы саны %			Оқушы саны %		
1-4 сыныптар	265	138	52	252	131	52	242	113	50,2
5-9 сыныптар	282	101	36	264	93	35,8	288	109	38
10-11 сыныптар	52	25	48	64	28	43,7	46	23	50
Барлығы	599	262	44	580	252	43,4	576	245	43

Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы, %	Орташа балл	Үздік аттестат	Алтын белгі
2016- 2017	16	50		0	2
2017- 2018	30	47		1	3
2018-2019	30	47		0	4

Экономиканың және өңірлердің қажеттілігіне сәйкес білім беру мен кәсіби даярлықтың сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны 5 білім беру саласы бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған: денсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық және социум. Білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтар болып табылады. Мектепте "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді.

"Туған жер", "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы іске асырылуда. "Жас қыран" (1-4-сыныптар), "Жас Ұлан" (5-10-сыныптар) балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, "Барыс" әскери-патриоттық клубы жұмыс істейді.

Мемлекет басшысының **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар.

- 1) Сынып жетекшілер отырысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы таныстырылып, алдағы жұмыстарға жоспарлар бекітіліп берілді. Сынып жетекшілер сыныптың тәрбие жоспарына тақырыптарын енгізді.
- 2) «Латын әліпбиі – заман талабы» тақырыбында модульдік балалар кітапханасы бірлескен 9б сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді.
- 3) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Кітап - білім бұлағы» және «100 кітап» жобасы бойынша аудандық модульдік кітапхана және мектеп кітапханасымен бірлескен іс-шараларға белсене қатыстық.
- 4) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы аясында 5-7 сыныптар арасында «Асық ойындары» өткізілді. Ұйымдастырған денешынықтыру пәні мұғалімі – Хасихан Бабек.
- 5) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-8 сынып ұлдары арасындағы волейбол турнирі қатысып, жүлделі орын иеленді.
- 6) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы аясында «Жайдарлы Жас Ұлан» аудандық интеллектуалды сайысының тұрақты қатысушысымыз.
- 7) «Менің бастамам – менің Отаныма» сырттай шығармашылық байқауы «Еріктілер қызмет» номинациясы, «100 жаңа есім», «Алтын адам – Қазақстан Тәуелсіздігінің белгісі» номинациясы бойынша сайыстарға қатыстық.
- 8) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы аясында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Даналардың қасиетті сөздері» атты іс-шараларға белсене атсалыстық.

Мектепте «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмыс жасайды. Жыл өткен сайын олардың қатары өсуде.

Оқу жылында ұйымның көшбасшылары жиындарға, слеттерге, форумдарға аудандық, облыстық деңгейде қатысып отырады. Ұйым мүшелері республикалық, облыстық, аудандық іс-шараларға үздіксіз қатысып келеді. ББЖҰ жұмысы мектептің жылдық жұмыс жоспары негізінде және "Рухани Жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру негізінде концептуальді тәрбие беру талаптарына сай жүргізіледі.

Бағдарлама аясында "Қайырымдылық жаса", "Қыс мезгілінде құстарға көмек" аудандық «Еріктілер» тобының слетіне қатысу, экологиялық кездесулер өткізілді. Қамтылған оқушылардың жалпы саны -563 .

2019-2025 оқу жылдарына арналған перспектикалық жоспарда «Жас Ұлан» , «Жас Қыран» ұйымдарының жұмысын әрі қарай дамыту қарастырылған және 2024-2025 оқу жылына қарай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына қосылатындардың пайыздық үлесі төмендегідей:

20-2021 оқу жылында 60%,

2021-2022 оқу жылында 64%

2022-2024 оқу жылында 68%,

2023-2024 оқу жылында 72%,

2024-2025 оқу жылында 80% қамтылуы жоспарлануда.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында оқушылар арасында еріктілер қозғалысын дамыту жоспарлануда.

Осыған байланысты білім беру процесі мен білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі барысында тәрбие жұмысын жоспарлау мен іске асырудың түбегейлі жаңа тәсілдері, оларды қолдану мен сақтаудың түсінікті тетіктері бар мінез-құлық стандарттарын әзірлеу талап етіледі.

жыл	2016 - 2017	2017- 2018	2018 -2019	2019 -2020
Үйірмелер саны	13	33	40	37
Оқушылардың қамтылуы	346	571	564	578
Үлесі %	58	98	98	99

2015-2019 жылына қойылған мақсат пен міндеттер орындалды, оқушылардың 1 % -ы үйірме жұмыстарымен қамтылған жоқ.

2020 – 2025 оқу жылдары аралығында оқушыларды 100% үйірме жұмыстарымен қамту жоспарланып отыр.

Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту .

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың өзекті міндеті білім беру ұйымдарының техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізу және олардың авариялығын болдырмау бойынша қажетті алдын алу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Мектеп 1990 жылы орыс тіліндегі мектеп ретінде құрылды, 1998 жылы ақпанның 10-ынан бастап қазақ сыныптары ашылды. Оқыту үдерісі мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады.

Өрт хабарлағыш орнатуға техникалық қызмет көрсету бойынша мектепте төтенше жағдайға байланысты талаптар орнатылған, мектеп ғимаратында автоматты өрт сөндірудің сигнализация жүйесі іске қосылған. Ғимараттың сыйымдылығы 1176 орынға есептелген. Мектеп типтік 3 қабатты ғимаратта орналасқан, жалпы ауданы -5164м². Жылу жүйесі автономдық жүйе, сумен жабдықталуы орталықтандырылған, канализация тазалашы машиналармен өткізіледі.

Спорт зал саны-1

Асхана (150 орынды)-1

Кітапхана -1

Медициналық кабинет-1

Педагог-психолог кабинеті -2

Кабинеттер саны – 33

Жаңа модификациядағы кабинет - 2

Мультимедиалық кабинет-1

Интерактивті тақтамен жабдықталған кабинет -14

Сабақ екі ауысымда өткізіледі.

216-2019 жылдар аралығында мектептің оқу процесінде компьютерлер пайдаланылды, оның 30,3 %-ы ауыстырылуға жатады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет.

Мектеп кеңжолақты интернетке қосылған, оқыту барысында «Онлайн Мектеп», «BilimLand» оқыту платформалары бойынша жұмыс істейді, «Күнделік.кз» бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесіне қосылған.

Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігін және тиімділігін арттыру

2017 жылдан бастап мектепте «Қамқоршылық» кеңес құрылды, оның негізгі функциясы мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Мектептің қамқоршылық кеңесінің құрамына 9 адам кіреді. Қамқоршылық кеңестің төрағасы "Аяла" зағиптар қоғамының қоғамдық бірлестігінің "жетекшісі Акимбаев Серік Курмашевич болып табылады. «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспарын бекітті, онда 4 отырыс көзделген. Аталған отырыстарда оқу-тәрбие жұмысының бірқатар мәселелерін, тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді, ата-аналардың ерікті және демеушілік жарналарын ұйымдастыруды қарау жоспарланған.

Мектептің «Қамқоршылық» кеңесі ата-аналар қауымдастығымен белсенді қарым-қатынас жасайды. Әр тоқсанның қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімі, мінез-құлқы, мектеп формасы және мектеп

жарғысын сақтауы туралы ата-аналарды хабардар ету бойынша жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Оқушылар контингенті (жылдар бойынша оқушылар контингентінің өзгеруі)

Оқыту кезеңдері	2016 – 2017 оқу жылы			2017 – 2018 оқу жылы			2018 – 2019 оқу жылы		
	саны		Орташа толымдылығы	саны		Орташа толымдылығы	саны		Орташа толымдылығы
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Мектеп алдындағы	44	2	22	52	3	17	54	3	17
Бастауыш мектеп	265	18	15	252	18	16	242	17	14
Негізгі мектеп	282	19	16	264	17	15	288	18	16
Орта мектеп	52	4	14	64	4	16	46	4	13
Мектеп бойынша барлығы	599	41	15	580	39	15	576	39	15

Мектептің білім беру жүйесінің SWOT-талдауы

1. Күшті жақтары

- 1) педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- 2) білім беру мазмұнын жаңарту;
- 3) . 5-6(7) жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 % қамту

4)дарынды балалардың мүмкіндіктерін дамыту;

5)инклюзивті білім беруді дамыту;

2. Әлсіз жақтары

1) кадрлардың жетіспеушілігі;

2) инфраструктураның ескіруі;

3)материалдық базаның төмендігі;

3. Мүмкіндіктері

1) білім беру жүйесіне мемлекеттің назары;

4. Қауіптер

1)жас педагог қызметкерлердің үлесінің аз болуы;

2) кадрлардың басқа салаларға кетуі.

4-бөлім. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері

Мақсат. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Осы мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

1-міндет. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Педагогтер біліктілігі	Саны	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж	2024ж	2025ж
Педагог-шебер	5	0	1	1	1	1	1
Педагог-зерттеуші	13	3	2	2	2	2	2
Педагог-сарапшы	27	4	4	4	5	5	5
Педагог-модератор	15	2	2	2	3	3	3

2-міндет. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету

Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 2020-2025 жылдарға балалар қылмыстары мен құқық бұзушылықтарының алдын алуды жүргізу, оқушылардың Бұланды АПБ-нің есебінде болмауына қол жеткізу, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттық тәрбиедегі балаларға жалпы оқыту қорынан материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарлануда.

Суицид мәселесі бойынша жылдың басынан бастап психологиялық бағыттағы әр-түрлі жұмыстар және іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Қыркүйек айында 7,8,9,10,11 сынып оқушыларынан «Филлипстің мектептегі мазасыздық тесті» алынды және «Тұлғаның жабығу сәтіндегі өз мінез-құлқына баға беру» сауалнамасы өткізілді. Мазасыздық деңгейінің анықталуы бойынша оқушылармен «Біз стрессті жеңеміз» атты психологиялық тренинг жаттығулары өткізілді.

Қазан айында 9-10 сынып оқушыларына «Өмірдің мәні» және «Өмір мен үшін қымбат» тақырыбында тренинг және дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша айында «Өзімді не үшін білуім керек!» тақырыбында 5-10 сыныптар арасында сынып сағаттары және тренингтер өткізілді.

8-11 сынып оқушыларынан «Оқушылардың суициалдық бағыттарын анықтау (ИСН)» сауалнамасы алынды.

Желтоқсан айында «Мен таңдаған өмір» тақырыбында оқушыларға кеңестер беріліп өтті. Оқушылардың өмірге көзқарастарын, олардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында пікір –алмасып оқушылардың ойларымен бөлісті.

5,6,7 сынып оқушылары арасында «Өмір неткен керемет!» және «Өмір сүре білу әрбір адам үшін үлкен сынақ» тақырыбында бейне көрілді.

Ата –анармен жұмыс:

Ата–аналарға суицидтің алдын - алу, жасөспірімдерді қорғау барысында жадынамалар таратылды.

«Отбасындағы зорлық–зомбылықтың алдын-алу» бойынша ата-аналарға дөңгелек үстел өткізілді. Қараша айы

Бала мен ата-ананың қарым-қатынасы жайлы анкеталар және сауалнамалар өткізілді. желтоқсан айы

«Суицид» деген не? ата-аналар жиналысында баяндама өткізілді.

Ата–аналарға арналған кеңес «Отбасындағы жанжал мен орынсыз дау-дамайлар» бала психикасына әсері қазан айы.

2020-2025 жылдарға мектеп жанындағы алаңдардың жұмысын одан да көп оқушыларды тарта отырып жалғастыру жоспарлануда

2020-2021 оқу жылы - 12%

2021-2022 оқу жылы - 12%

2022-2023 оқу жылы - 12%

2023-2024 оқу жылы - 11%

2024-2025 оқу жылы - 10%

Білі сапасының кезеңдік көрсеткіші :

классы	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1-4	50,5%	51%	51,7%	51,9%	52%
5-9	43,1%	43,6%	44%	44,3%	45%
10-11	50%	50,3%	50,8%	51%	51,3%

Қорытынды аттестаттау бойынша білім сапасының көрсеткіші (11 сынып)

Оқу жылдары/ учебный год	Түлектер /выпускники	Білімсапасы, % Кач.знаний	Үздік аттестат/аттестат с отличием	Алтын белгі
2020- 2021	29	50	2	1
2021- 2022	31	54	0	2
2022-2023	35	54,3	2	3
2023-2024	45	54,5	3	2
2024-2025	44	54,7	4	2

5-міндет. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Мектепте білім берудің барлық деңгейлеріндегі тәрбие мен оқыту жүйесі бірыңғай идеологиялық және құндылық тәсілдеріне құрылды. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптарды: отбасын, білім беру ұйымы мен қоғамды кеңінен тарта отырып, кешенді түрде жүргізілуді көздейді. Тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы – "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" және "Ұлы даланың жеті қыры" атты бағдарламалық мақалалары құрайды. Білім алушыларды ұйымдасқан қоғамдық қызметке тарту "Жас қыран" (1-4 сыныптар), "Жас Ұлан" (5-10 сыныптар) балалар-жасөспірімдер қозғалысына, сондай-ақ "Барыс" әскери-патриоттық клубына тұрақты мүшелікке ену жолымен қамтамасыз етілетін болады. Оқу-тәрбие процесінде отбасы құндылықтары мен отбасы маңыздылығы дәріптеледі, «Отбасы ошағы» клубы іске асыру жалғасады. Оқушыларды бұқаралық спорт түрлерімен қамтуды арттыру жұмыстары жалғастырылады.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	2020	2021	2022	2023	2024	2025
1.	"Жас қыран" қозғалысына қатысатын 1-4-сынып оқушыларының үлесі	62%	64%	66%	68%	70%	72%
2	"Жас Ұлан" қозғалысына қатысатын 5-10 сынып оқушыларының үлесі	66%	69%	71%	74%	77%	80%
3	"Жас Сарбаз" әскери-патриоттық клубы (оқушылар саны бойынша)	20 000	25 000	35 000	40 000	45 000	50 000
4	Азаматтылық пен патриотизмнің жоғары деңгейін көрсеткен оқушылардың үлесі	-	5	5	5	5	5

5.	спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесі	34%	35%	36%	37%	39%	42%

2020-2025 жылдарына білім берудің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру жағдайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру туралы жоспары

№ п/п	Іс –шара атауы	Аяқтау формасы	Жауаптылар	Орындау мерзімі	
III. Іске асыру тетіктері: білім берудің басым бағыттарындағы іс-шаралар					
Бағыт: Жаңа қазақстандықтаға патриотизм мен құқықтық тәрбие беріп, азаматтыққа тәрбиелеу Мақсат: Отанға ұтымды және эмоционалды көзқарасы бар патриот пен азамат қалыптастыру, мемлекет пен қоғамның заңдарын игеру және сақтау қажеттілігі, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздықтарға қарсы тұру, балалар мен жастардағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болу.					
1	Пікірсайыс, пікірталас клубтары, патриоттық форумдар, акциялар, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын акциялар ұйымдастыру	Ақпарат	«Адал ұрпақ» үйірмесінің жетекшісі	Үнемі	
5	Әскери патриоттық клуб жұмысын жандандыру	Ақпарат	«Сұңқар» әскери-патриоттық клуб жетекшісі	Үнемі	
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - патриотизмнің жаңа нысаны» шаралар кешенін өткізу	Кездесулер, лекциялар	«Адал ұрпақ» үйірмесінің жетекшісі	2020-2021	
9	«Күзгі жапырақтар » жас туристердің ашық аудандық слетіне қатысу	Слет	Үйірме жетекшісі	2020 жылдың 20 қыркүйекке дейін	
2. Бағыт: Рухани- адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани, адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын, жалпыадамзаттық құндылықтарға, қазақстандық қоғам өмірінің дәстүрлері мен дәстүрлеріне сай қайта құру туралы құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру.					

1	«Өзін-өзі тану» адамгершілік және рухани тәрбие бағдарламасы аясында ар-намыс, Отанға жанқиярлық қызмет және ерлік сабақтарын өткізу	Әлеуметтік желіге ақпарат	АӘД жетекшісі	Үнемі	
2	Әлеуметтік, қайырымдылық жобаларын әзірлеу және іске асыру аясында білім беру ұйымдарында «Мектепке жол» науқандары, «Күтім», «Мектепке дайындалуға көмектесу», “Адамға қуаныш сыйла еріктілердің акциясын өткізу	Білім беру бөліміне ақпарат беру	Әлеуметтік педагог, тәлімгер.	Үнемі	
3	Қарттар күніне орай «Мейірімді істер мектебі» тәрбиелік жоба өткізу	Білім беру бөліміне ақпарат беру	Мектеп еріктілері мен тәлімгер	Жыл сайын қазан қыркүйек айларында	
4	Кешкі -кештер, «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылары мен философтары» әдеби залдары, «Сұлулық әлемді құтқарады» поэзия залы, әдеби және музыкалық композициялар ұйымдастыру «Жаңашырлық - адамның барлық моральдық мотивтерінің негізі», «Махаббат - адам өмірінің негізі», «Жақсылықтың шығармашылық күші» моральдық-рухани мазмұндағы сынақтар мен әңгімелер өткізу	Мектеп сайтына ақпарат	Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері, Өзін-өз тану пәні мұғалімдерімен бірлесе	үнемі	

3. Бағыт : Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Қазақстан Республикасының этностық топтары мен этностардың, қазақ халқының мәдениетін, мемлекеттік тілін және туған жерге құрметін, тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау

2	«Асық ату» ұлттық ойының дамыту бойынша мектепшілік, аудандық, қалалық жарыстарына қатысу	Мектеп сайтына ақпарат беру	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Жыл сайын	
4	Оқушылардың қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік белгілері мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған сынып сағаттар, мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	ТЮ	Үнемі	

5	«Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасын жылжыту бойынша іс – шараны жүзеге асыру	Акциялар, кездесулер, форумдар	ТІО	Үнемі	
6	Көрнекті тұлғалардың, әйгілі спортшылардың, ғалымдардың, «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасының жеңімпаздарының оқушыларға насихаттау	Кездесулер, әңгіелер	ТІО	Үнемі	
7	Мектеп оқушыларына өлкетану бойынша, өлкетану тақырыптық сабақтарды тарихи-мәдени мұра аймақтық объектілерінде өткізу	Дерістер, «ашық сабақтар»	География және тарих пәні мұғалімдері	үнемі	

4. Бағыт : Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналардың олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіне жауапкершілікті арттыру.

2	Ата –аналар қауымы алдында қамқоршылық кеңестерінің қоғамдық есеп беруі	Есеп	Білім беру мекемелері	Жылына 1 рет	Қажет етпейді
3	Әрбір оқу тоқсанның қорытындысы бойынша ата- аналар қоғамдастығының алдында қоғамдық тыңдаушыларға (ашық есептер) өткізу.	Он -лайн желісінде қоғамдық тыңдаулар	Мектеп әкімшілігі	Жылына 4 рет	Қажет етпейді
6	Ата-аналар мен мұғалімдердің мектепшілік жиналыстары (білім беру ұйымдарының жеке кестесіне сәйкес). Ата-ананың жан-жақты білімі (білім беру ұйымдарының жеке кестесіне сәйкес)	Жоспар, хаттама	Мектеп әкімшілігі	Тоқсанына 1рет	Қажет етпейді

5.Бағыт: Экономикалық және экологиялық , еңбекке тәрбиелеу

Мақсаты:кәсіби өзін- өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

5	Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, ресурстарды үнемдеу идеяларын насихаттау, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу	Акциялар , флешмобтар, байқаулар	ТІО	Жыл бойы	
6	Жұмыс берушілерді тарта отырып, білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлауды ерте жүргізу бойынша шаралар кешенін	Кездесулер, лекциялар, сұрақ -жауаптар	ТІО	Жыл бойы	

	іске асыру				
6. Бағыт: Зияткерлік тәрбие, мәдени – ақпараттық тәрбие беру Мақсаты: әр адамның интеллектуалды қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сонымен қатар ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру					
1	Оқу демалысы кезінде (ағылшын тілінен) тілдік лагерлерді ұйымдастыру	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл сайын демалыс кезінде	
2	Оқушылар арасында робототехника, жылдам жарыстар және интеллектуалды спорттың басқа түрлері бойынша іс-шаралар кешенін өткізу	Жарыстар байқаулар	Информатика пәні	2021-2022 жыл	
3	Білім беру ұйымдарында оқушылары арасында ұтымдылық мәдениетін дамыту бойынша дәрістер, сынып сағаттарын өткізу	Кездесулер, лекциялар	Сынып жетекшілер	2021-2022 жыл	
6	оқушылар арасында зияткерлік сайыстар, викториналар, пікір сайыстар өткізу	Байқаулар, викториналар, пікір сайыстар	Дебат клуб жетекшісі	2021-2023жыл	
7. Бағыт: Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның көркемдік пен шындықтағы эстетикалық заттарды қабылдауға, дамытуға, бағалауға дайындығын дамыту, оқу орындарында көп мәдениетті орта құру.					
1	Бекітілген кестеге сәйкес мектеп оқушыларының аймақтың мәдени мекемелеріне (мұражайлар, театрлар және т.б.) тегін баруын ұйымдастыру	ақпарат	ТЮ	Үнемі	
2	«Жазғы демалыста жұмыспен қамту» мониторингі	ақпарат	Әлеуметтік педагог	Үнемі	
8. Бағыт : салауатты өмір салты, дене тәрбиесі Мақсаты : салауатты өмір салтын қалыптастыру, физикалық және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиянды факторларды анықтау қабілеттерін қалыптастыру үшін кеңістік құру					
1	спорт түрлеріне арналған спорттық секциялар желісін кеңейту. Спорт секцияларындағы оқушыларды бақылау	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Үнемі	
2	Репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, АҚТҚ және салауатты өмір салтының негіздері бойынша сынып сағаттарын, оқу семинарларын өткізу	ақпарат	Сынып жетекшілер	Үнемі	
3	Мониторинг «Жазғы демалыс кезіндегі сауықтыру»	ақпарат	ТЮ, Әлеуметтік педагог	Үнемі	

--	--	--	--	--	--

5-міндет. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.

2021-2022 оқу жылында мектепте күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жоспарланды. Осы мақсатта 237.0тлн теңге бөлінді. Күрделі жөндеу өткізу барысында оқу кабинеттері заманауи жиһаздармен жарақтандырылады. Жарақтандыру кезінде жиһаз бен жабдықтардың денсаулық сақтау сипаттамаларына ерекше назар аударылатын болады.

2021 жылы қыркүйекте ИҚК ашу жоспарланып отыр. Оған облыстан 10 млн теңгеге жиһаз бен жабдықтар сатып алу қарасырылды. (Инклюзивті қолдау кабинеті) Білім беру ұйымдарын жарақтандыру үшін 12.0 млн теңге бөлінді. Жарақтандыру кезінде жиһаз бен жабдықтардың денсаулық сақтау сипаттамаларына ерекше назар аударылатын болады. Сонымен қатар мектептің кіре берісіне турникет орнату, мүмкіндігі шектеулі жандарға көтеру сатысы жоспарланып отыр. 2017 жылы мектептің ішіне және сыртына 17 бейнекамера орнатылса, 2020 жылы 16 бейнекамера орнатылды. Барлығы 38 бейнекамера бар.

Білім беру ұйымының қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін басқарудың алқалық органдарын: байқау кеңестерін, мектептер қамқоршылық кеңестерін дамыту жалғастырылады.

Білім беру ұйымдары "Ашық бюджеттер" жобасын мектеп сайтында тиісті ақпарат қолжетімді болады. Тең құқықтарды, балаларды орта білім беру ұйымдарына бөлу және қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуді жаппай цифрландыру жалғастырылады. Мектепте электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету жұмысы жалғастырылды. Қоғамдық тыңдау онлайн-режимде ата-аналар қауымдастығының алдында оқу тоқсанының қорытындысы бойынша жалғасады. Ата-аналардың, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен "Мектеп өмірінің бір күні" жобасын іске асыру жоспарлануда.

Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар:

Аталған Бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту;

барлық деңгейдегі білім беру мазмұнын жаңғырту;

білім мен ғылым инфрақұрылымын дамыту және цифрландыру;